

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**  
**ТЕЛЕРАДИО ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ЖӘНЕ**  
**МЕДИА КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған**  
**көрнекті қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың**  
**90 жылдығына арналған халықаралық**  
**ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**



**Астана, 2024 жыл**

**ӘОЖ 070(574)**  
**КБЖ 76.0(5Каз)я431**  
**Қ22**

**Жалпы редакциясын басқарған «Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы –  
Ректор, ҚР ҰҒА академигі Е.Б. Сыдықов**

**Редакция алқасы:** Сақ Қ.Ө. (төраға), Дүйсенғазы С.М.,  
Байгожина Д.О., Омаров М.М., Сабыр Ә.Б. (жауапты редактор),  
Мәулен Е.М., Алғалиева Г.С., Мүтәрбек А.

«Қазіргі қазақ спорт журналистикасы және медиакоммуникация мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 203 бет. – қазақ, орыс, ағылшын.

**ISBN 978-601-337-927-2**

Жинақта қазіргі қазақ журналистикасы мен спорт журналистикасының өзекті мәселелері және заманауи медикоммуникацияның даму тенденциялары талданған ғылыми мақалалар топтастырылған.

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар саласын зерттеп жүрген ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға, студенттер және практик мамандарға пайдалануға ұсынылады. Басылымның мәтін, суреттерін автордың рұқсатынсыз пайдалануға болмайды. Мақалалардың мазмұнына редакция алқасы жауап бермейді.

**ӘОЖ 070(574)**  
**КБЖ 76.0(5Каз)я431**

©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024

**Шұғыла Бақытқызы Манафья**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Журналистика және саясаттану  
факультетінің 3-ші курс студенті

**Ардақ Мүтәрбек**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Телерадио және қоғаммен байланыс  
кафедрасының оқытушысы

**Спорт шежірешісі – Сейдахмет Бердіқұлов**

«Сейдаған, Сейдеке». Артынан өшпес із қалдырып, талай шәкірт тәрбиелеп, қаламынан қыл тамған Сейдахмет Бердіқұловқа біршама ақындарымыз, қоғам қайраткерлері мақтанышпен естеліктер арнаған. Өз дәуірінің сұлтаны Сейдаған – журналистиканың, соның ішінде спорт журналистикасының туын желбіреткен біртуар азамат. 1933 жылдың 9 мамырында Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ ауылында қазақ спорт журналистикасының майталманы дүниеге келді. Әкесі «халық жауы» атанып оққа ұшыраған. Тағдырдың тауқыметіне төтеп беріп, жас бала намысшыл, нағыз патриот болып өсті.

Мектебін 1951 жылы «Алтын» медальмен бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне қабылданады. Университетті 1956 жылы ойдағыдай бітіргеннен кейін журналистикадағы жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің әдеби қызметкері болып бастаған. Қабілеттілінің арқасында қатардағы тілшіліктен бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы дәрежесіне дейін көтеріледі. Соның нәтижесінде 1965 жылы «Қазақстан пионері» газетінің редакторы болып тағайындалады. 1970 жылы «Лениншіл жас» газетінің редакторы лауазымына ие болып, білікті басшы бұл міндетін 1986 жылға дейін абыроймен атқарды. 1986-1992 жылдары «Жалын» баспасының директоры болса, өмірінің соңына дейін сол баспадан бөлініп, жеке құрылған «Балауса» баспасын басқарды. Қазақстан спорт басылымдары қауымдастығының тұңғыш президенті болған.

Бүгінгі ақпараттық қоғамға тән жаһандану, конвергенция, цифрландырудың алғашқысын қазақ журналистикасына әкелген – Сейдахмет Бердіқұлов. Жаһандану дегеніміз әлемдегі ақпарат тұтастығы. Яғни, ақпарат алмасудың ұшқырлығы, қашықтықтың азаюы. Естеліктерге сүйенсек,

Сейдахмет Бердіқұлов 1966 жылы Лондонға, 1970 жылы Мексикаға барып, футбол жайлы ақпарат таратқан алғашқы қазақ.

«Лениншіл жас» Бердіқұловтың редакторлығында болған кезде өз дәуірінің ең атақты, танымал, көп тиражды газет атанған. Бас редактор газетте Отанды сүю, ұлтты сүю, дәстүрді дәріптеу, жастарға рух беру сияқты тақырыптарға аса мән берген. «Сұхбат – телефон» деп атаған жаңа айдары газеттің тізгініне ие болған айдарға айналды. Сұхбаттың бірінші қонағы ақын және драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаев болды. Сұхбатты жүргізуді шәкірті ақын, журналист Өтеген Оралбайұлына тапсырды.

Дәл осы айдармен 1986 жылы 1 қарашада «Жол мұраты жету» атты сұхбат жарияланды. Сейдахмет Бердіқұловтың тікелей басшылығымен Өтеген Оралбайұлы «Адамзаттың Айтматовына» айналған Шыңғыс Айтматовтан сұхбат алды. Бұл тарихи оқиғаның қазақ журналистикасы үшін маңызы зор. Беделді азаматтардың газет бетінде есімдері жариялануы «Лениншіл жастың» мәртебесін көтерді. Спорт журналисі Қыдырбек Рысбек: «Бірде Сейдаған мені шақырып алып, бұл дүниедегі ең мықты газет қайсы деп сұрады. Мен сасып қалдым. Сонда «Есіңде болсын, ол – «Лениншіл жас». Бұл дүниедегі ең мықты газет сол. Соны ұқ, соны түсін», - деп жауап берді.» Бұл жерден редактордың өз газетіне деген махаббатын, мақтанышын байқай аламыз.

Сейдахмет Бердіқұлов – журналистика мен әдебиетті қатар алған жазушы. Республикалық «Жазушы» баспасынан 2 томдық таңдамалылар жинағы жарық көрді. «Аспаннан шұға жауған күн», «Сиқырлы алқа таққан Москва», «Теңдессіз 16 күн», «Танкімен келген Тарғапбай», «Филармония, Қобызшы қызға», «Менің ұлы бейтанысым», «Ертеңнен салса, кешке озған», «Арбаған мені бір сиқыр», «Новеллалар мен эсселер», «Жүрсің-ау бір қиырда», «Бір тарының қауызы», тағы басқа көптеген әңгіме-повестері сияқты қиялы шексіз қаламгердің ойынан туған, оқырманның ыстық ықыласына бөленген ерекше шығармалары бар.

Сондай-ақ, бірқатар туындылары орыс және басқа тілдерге аударылған. Шерхан Мұртаза, Әбділда Тәжібаев, Шыңғыс Айтматов сияқты атақты тұлғалардан сұхбат алып, журналист және жазушы ретінде өзін мойындата білген Сейдаған олардан еш кем түспеген.

«Өз шығармаларының қай-қайсысында болмасын ол адам мінезін айқара ашатын, жеріне жеткізе танытатын бояуларды ұтымды қолданады. Бұл бояулар баттасып жатпайды, өз орнымен, өз ретімен пайдаға асып, әр түрлі бір-бірін толықтырып, құлпырған кең әлемге алып шығады» Әбділда Тәжібаев естеліктерінде [1] осылайша Сейдахмет Бердіқұловтың ақындық шеберлігіне баға береді. Журналист өз қызметінде осы бір қасиетін ұтымды пайдаланған.

Әдебиетімізге спорттың қазығын қақты. Спорт тақырыбына «Лениншіл жасқа» жазған мақалалар мен репортаждардан бөлек, бірнеше көркем әдеби туындыларын арнаған. Мәселен, 1960 жылдары «Жұмыр жерде теңбіл доп»

кітабы жарық көрді. Кітап футбол жайында. Бұл спорт түрі қазақ еліне енді келген кез. Одақ көлемінде футбол жарысына қатысатын жалғыз ғана «Қайрат» командасы болған. «Алматының стадионында «Қайраттың» ойынын тамашалауға билет алу қиын болатын. Қаладағы, қала маңындағы елді мекендерден футбол жанкүйерлері иін тіресе футболға келетін. Алматыға сырттан келген адам егер жолы болып бір билет сатып алса, соған мәз болып қуанып, «Қайраттың» ойынын көрдім деп мақтанып, марқайып жүретін.» Саяси ғылымдардың кандидаты (1996), докторы Қуаныш Сұлтановтың естелігінен [2].

Осындай заманда қазақтың арасынан Сейдахмет Бердіқұлов суырылып шығып, өз кітабында футбол туралы керемет ақпараттар келтіріп, әлем мойындаған футболшылардың есімін атап, чемпионаттар туралы, жалпы спорттың қоғамға тигізер пайдасы туралы баяндаған. Егер өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы журналистикамен жиырма бірінші ғасыр журналистикасын салыстыратын болсақ, бүгінгінің еркіндігі кешегі күні журналистер үшін арман болған. Себебі қазақ журналистерінің шетелге шығуы өте сирек болатын.

Бұл мәселе тек Мәскеудің бұйрығымен шешіліп отырды. Шектелген шекараға қарамай, әлемнің ең маңызды, қызықты іс-шараларының, Еуропаның футбол чемпионаттарының, дүниежүзілік жарыстардың куәгері болып қана қоймай, озық әңгімелер айтқан журналисіміз де, ақынымыз да Сейдахмет Бердіқұлов болды. Өзінің «Үшінші подъезд» жинағында Пеле, Факэтти, Эйсебио, Мюллер, Круиффтер және олардың командалары туралы әңгімелейді. Әр әңгімесінде даңқты ойыншылардың спорттық шеберлігінен бөлек, олардың көркем мінездері, адамгершілік қасиеттері, елім деп елжіреген портреттерін келтіреді. Спорт арқылы оқырманына адамгершілікті, бірлікті, намысты дәріптейді.

Автордың стилі – әдеби. Кейіпкер мінезін суреттеуде, диалогтарда көркем тілді қолданады. Шығармаларында теңеулер, метафора, эпитет сияқты әдебиеттің көркемдеуіш тәсілдері ұтымды пайдаланылған. Мысалы: «Шеті де, шегі де телегей – теңіздей сағындырып жеткен хаттан асқан керемет кем, мүлде жоқ десе де болады. Болат бұрындары конвертті ашуға асықпай тәтті қиялға шоматын. Не ғажабы бар, туған жерді ойласа, алдымен Талиннен тіке түстікке тартатын трасса, Пайдеге шейінгі топырағынан тасы көп ойдым егістік, мұхиттың қаражал толқынындай құрақпен жабылған тұрақты мекенжайлар көзге оттай басылады» [3].

Сейдахмет Бердіқұловтың сөз саптауы, тақырып қоюы, материалды әрлеуі, ақпаратты жеткізуі ерекше. Өзіндік қолтаңбаға ие. Бүгінгі журналистикаға жетпейтіні де осы. Мысал ретінде 2023 жылдың 26 – наурызында «Nalyq-uni.kz» сайтында жарияланған материалдан үзіндіні алайық: «Екінші кезеңде қазақстандық құраманың да белсенділігі байқалды. Қарсыластар қақпасы маңында жиі бой көрсетті. Ойынның 73-минутында даниялық футболшылар өзінің айып алаңында ереже бұзды. Қақпаға белгіленген пенальтиден Бактиёр Зайнутдинов мүлт кеткен жоқ».

Енді Сейдахмет Бердіқұловтың «Қайрат» пен чемпион «Торпедо» командалары арасындағы ойынға байланысты көркем репортажын қараңыз: «Ойынның жиырма минуты өтті, екпін «Қайратта», қонақтардың қақпашысын қос бүйірден қысуын қысып-ақ тұр. Сәтті кезеңдер де болды. Добы құрғырдың торды да, жұрттың жүрегін де дір еткізер кезеңі келмей-ақ тұр.

Белі бекем бесті атпен құнанның бәйгесі бұл. Бесті бәйгеде құнанды озбады деп ешкім жазғырмайды» бұл мысалда журналистің өзіндік стилі айқын көрінеді. Екі материал да – журналистік еңбек. Тек Сейдахмет Бердіқұлов әдеби тіл мен спортты ұштастырып, «Тимур Сегізбаев алаңның ортасынан допты қақшып алып, бір қапталмен бұрқырата тартты...» дей келе, футболшының ойынын бір хикаяға айналдырып суреттегендей әсер қалдырады.

Спорттың қызығы сол. Спортшы болмаса да адам ойынды, жарысты көргенде өзін қатысушы ретінде сезініп, жеңіс пен жеңілістің дәмін татқысы келеді. Ал Сейдахмет Бердіқұлов оқырманға бұл жағынан көмектесе алды. Сондықтан Бердіқұлов «Спорт журналистикасының атасы» мәртебесіне ие болды. Журналистен білім алған шәкірттері әр уақытта ұстазының жазу мәнерінен үлгі алып, күнде ізденіс үстінде болғандарын айтады. Себебі редакторға жазған материал ұнау үшін біраз тырысу керек. Әйтпесі Сейдағұн мәтіннің ұнамаған жерін сызып тастап, қайта жазғызуды талап ететін. Егер материал ұнаса шәкіртінің иығынан қағып мақтау айтатын.

Осындай қатал әрі мейірімді ұстазыноқушылары тек жылы сезіммен еске алады. «Сейдахмет Бердіқұл – өзінің журналистік мектебін қалыптастырған бірегей қаламгер. Ол кісі – қазақтың спорт журналистикасының атасы. Осы саланың іргетасын қалаған қарымды жазушы» [4].

Өз заманында журналистерге, спортшыларға арналған ұйымдармен жақсы қарым-қатынаста болған. Қазақтың спортшыларын әлемге танытуда елеулі еңбек еткен. Спортшылар Олимпиадаға жолдама алу үшін, бірінші кезекте Қазақстан спортының өкілі ретінде одақтық жарыстардың жеңімпазы болуы керек еді. Одақтық жарыстарда жеңісті кімге беретінін Мәскеу өзі шешетін. Кейде қатысушыларға әдейі бөгеттер қойған. Мәселен, Жақсылық Үшкөмпіровке 1980 жылғы Олимпиадаға қатысқанына дейін осындай солақай әрекеттер көп кедергі келтірген екен.

Сейдағұн бұл жерде де ағалық қамқорлығын танытты. Спортшылардың есімін Мәскеуге жеткізіп, Олимпиадаға жіберуді өтініп, пікірін қысылмай білдірген. Сейдахмет Бердіқұловтың табандылығының арқасында 1980 жылы Жақсылық Үшкөмпіров қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды. Серік Қонақбаев сол жылы қазаққа тұңғыш рет Олимпиаданың күміс жүлдесін сыйлады. Бұл жағдайға ақын Несіп Жүнісбаевпен бірігіп «84 жылдың теңдессіз 16 күні» кітабын арнады. Кітапта тұңғыш рет Мәскеуде өткен XXII Олимпиада жайлы құнды деректер келтірілген. Сол себепті «84

жылдың теңдессіз 16 күні» кітабы – журналистикаға қосқан үлкен үлестерінің бірі.

Кітап 4 тараудан тұрады. Олар: «Басталды», «Қалың шаң», «Үзенгі қағыс» және «Тізгін тартар». Негізгі кейіпкерлер - Олимпиадаға қатысқан қазақсандық спортшылар. XXII Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 19 спортшы қатысқан. Кітапта грек-рим күресінің палуаны, қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы – Жақсылық Үшкеміров, кеңестік ауыр атлет, Олимпиада чемпионы – Виктор Мазин, грек-рим күресінен Әлем және Олимпиада чемпионы – Шәміл Серіков, баскетболдан чемпион – Надежда Ольхова, жеңіл атлет, чемпион – Владимир Муравьев, ватерполист, Олимпиада чемпионы – Сергей Котенко жайлы ақпараттар айтылады. Олимпиада ойындарының ашылу салтанатынан бастап, әр ойынның барысы сипатталған. Бүгінде жазылып жүрген репортаждар бір еңбекте тоғысқан. Сондықтан да, спорт жайлы жазылған кітап – қазақ спорт журналистикасына Сейдахмет Бердіқұловтың тигізген үлкен пайдасы.

Журналист – ақынның әр шығармасы жастарды дене шынықтыруға тәрбиелейді. Елдің туын дүниежүзілік аренада көтеруге рух береді. Спорттан тек алтын, күміс медаль ғана емес, тәрбие алуға шақырады. Жазушының атақты велошабандоз Олег Түсімханов туралы «Тұйғын» повесті талай спортшылардың велоспортқа келуіне ықпал етті.

Сейдахмет Бердіқұлов Қазақстан комсомолы Орталық комитеті бюросының мүшесі болған кезде жастармен жұмыс істеуге күш жігерін жұмсады. Өнерлі жасты байқап қалса, бірден комсомолға ұсынып, таланттың көзін ашуды, шығармашылығын қолдап, талай жастарды қамқорлығына алған. 1976 жылы дәстүрлі әдебиет пен өнер саласында комсомол сыйлығына таңдау барысында жұртқа танымал Сағат Әшімбаев, Оралхан Бөкей, Роза Рымбаевалардың кандидатураларын ұсынған да Сейдахмет Бердіқұлов еді.

«Спорт – мәңгі жас ұғым. Сондықтан да ол жаңашыл. «Спортқа ұлттық бояу қажет пе» дегенде – мен «ерекше қажет» дер едім. Бірақ, ол үнемі жас, жаңа болуы керек» [5]. Осындай принцип ұстанған журналист – жазушының спортқа да, қазақтың ұлттық идеологиясына да қосқан үлесі зор екендігін айтқан пікірінен анық байқай аламыз.

«Шіркін газеттегі жастар окитын ресми материалдарды ауыз әдебиеті стиліне саяса» [6] - деген ізгі арманын бүгін шәкірттері орындауға тырысып жүр. Спорт – өзі бір тылсым дүние. Әдебиет – ұлы құдырет. Спортты әдебиет арқылы насихаттау үлкен талант иесінің ғана қолынан келмек. Сейдахмет Бердіқұловтың журналистикаға, әдебиетке қосқан үлесі бүгін әлі маңызын жоғалтпады. Елін шетелге танытып қана қоймай, қаншама жастардың жолын ашып берді. Спорт журналистикасының керегесін көтеріп берген Сейдахмет Бердіқұлов есімі мәңгі тарихта қалары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдахмет Бердіқұлов шығармалар жинағы 1 - том (2013). Жарыс.KZ баспасы. Астана.

2. Сейдахмет Бердікұлов шығармалар жинағы 3 - том (2013). Жарыс.KZ баспасы. Астана.
3. «Филармония, қобызшы қызға» новелласы, С.Бердікұлов шығармалар жинағы 3 - том (2013). Жарыс.KZ баспасы. Астана.
4. Сейдахмет Бердікұлов шығармалар жинағы 2 - том (2013). Жарыс.KZ баспасы. Астана.
5. Сейдахмет Бердікұлов шығармалар жинағы 3 - том (2013). Жарыс.KZ баспасы. Астана.
6. «Ұстаным мен еркіндік» Ж. Шаштайұлы мақаласы (2023), Астана ақшамы газеті.
7. «84 жылдың теңдессіз 16 күні» (1981), Сейдахмет Бердікұлов, Жалын баспасы, Алматы.

**Айтай Бахадыр Сатыбалдыұлы**  
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік  
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық  
университеті, т.ғ.к, аға оқытушы

**Сайрам ауданында жүргізілген мақта науқанының зардаптары**  
*Архив және «Советская степь» газетінің материалдары бойынша*

Саяси құғын - сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент қаласы бойынша құрылған мемлекеттік комиссия Сайрам ауданынан шыққан байлар, кулактарды «эксплуататорлар» деп танылғандардың 1930 жылдың басында - ақ ірі ауылдық немесе бірнеше колхоздардан тұрған тұрғын алабы болғандығын Түркістан облысы мемлекеттік архивіндегі (*ары қарай-ТОМА*) 1930-1933 жылдарға тиіселі №505 Қор - «Сайрам ауданы халық сотының материалдарынан» [1] оқып танысуға болады.

Ең басты мәселе сол қасіретті жылдарда құғын-сүргінге ұшырағандарды, шетелге ауа көшкендерді миллиондап көрсетіп, оқулыққа енгіздік те олардың толық аты-жөндері әлі күнге дейін белгілі емес. Оларды анықтау ісімен бірнеше қоғамдық және ғылыми-зерттеу институттары, архивтер айналысып жатса да құғындалдардың санын сол оқулықтарда жиі қайталана беретін санға жеткізу тіпті мүмкін болмай отыр.

Күштеп ұжымдастыруға душар болған шаруа қожалықтары және шаруалар саны туралы Сайрам ауданының Қарабұлақ, Қарамұрт, Базар Қақпа, Ярғанлық, Манкент атты жалпы 16 колхозды атап көрсетуге болады[2]. Осы колхоздарда мақта егістіктері құрылды. Мақта алқабына қарсы ұжымдастыруға қарсы шыққаны үшін әкімшілік және қылмыстық тәртіппен жазаланғандардың аты-жөндері белгілі болып отыр. Оларды соттау және құдалауды жүзеге асырған Шымкент аудандық халықтық соттары 5 участоктан тұрған және оған Ақсу селосындағы Сайрам аудандық халық